

## «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Ішкі бақылау жүйесінің осы саясаты (бұдан әрі – Саясат) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) ішкі құжаты болып табылады және ҚМГ Жарғысына, органдары мен құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерге, ҚМГ корпоративтік басқару кодексіне, «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарына және және Тредвей комиссиясының демеушілік ұйымдар Комитетінің ережелеріне (COSO) сәйкес әзірленді.

1.2 Осы саясат ішкі бақылау жүйесінің (бұдан әрі – ІБЖ) жұмыс істеу мақсаттарын, қағидаттарын және құрамдауыштарын белгілейді.

1.3 ІБЖ ҚМГ басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады және ҚМГ өз операциялық мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге және процестік деңгейдегі тәуекелдерді мейлінше азайтуға бағытталған тиімді және ұтымды қызметке ықпал жасайтын процестер мен рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-әрекеттер нормаларының жиынтығы ретінде айқындалады.

1.4 Осы Саясат ҚМГ Директорлар кеңесі, Басқарма және қызметкерлері (бұдан әрі бірге - ІБЖ субъектілері) жүзеге асыратын, үш негізгі салада ҚМГ мақсаттарына қол жеткізудегі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған процесс ретінде ішкі бақылауды айқындайды:

- 1) операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- 2) толық және расталған қаржылық есептілікті дайындау;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

Бұл ретте көрсетілген салаларға қол жеткізу ықтималдығына әсерін тигізетін ІБЖ тән шектеулер бар. Бұл шектеулер мынадай факторларға байланысты:

- 1) пайымдамалар – ІБЖ субъектілері шешім қабылдаған кезде олардың субъективті пайымдамалары дұрыс болмауы мүмкін;
- 2) сыртқы оқиғалар – ҚМГ бақылауында емес сыртқы оқиғалардың әсері;
- 3) жаңылыстар - көңіл қоймаушылық немесе қажеттілік нәтижесінде қателер жасауына байланысты қызметкердің кінәсі бойынша тапсырылған көп міндеттерге көңіл бөлу;
- 4) бақылаудың саналы қатынаса білуі – жеке пайда алу немесе өз қызметінің нәтижелерін жақсарту ниетімен белгіленген саясаттар мен

рәсімдерді ерікті күшін жою жолымен ішкі бақылауды айналып өту мүмкіндігі мен ниеті;

5) келісім – екі және одан көп адамдардың заңсыз іс-әрекеттерді бірлесіп жасауына және жасыруына арналған әрекет.

1.5 ҚМГ-де ІБЖ субъектілері тарапынан осы шектеулерді басқару және заңсыз әрекеттерге жол бермеу мақсатында қызметкерлер тарапынан жосықсыз іс-әрекеттер тәуекелін басқару жөніндегі саясат әзірленді.

1.6 ҚМГ компаниялар тобында жалпы мақсаттарды, қағидаттар мен әдіснаманы қоса алғанда, ІБЖ құру кезіндегі бірыңғай тәсілдемелер енгізілуі тиіс. Осы Саясаттың негізінде процестік деңгейдегі тәуекелдерді басқару ҚМГ мен оның еншілес пен тәуелді ұйымдарында (бұдан әрі - ЕТҰ) ІБЖ жұмыс істеуі үшін негіз болып табылады.

## **2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

2.1 Осы Саясат ҚМГ басқарудың барлық деңгейлерін, барлық ішкі процестері мен операцияларды қамтиды және ҚМГ ІБЖ барлық субъектілерімен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады.

2.2 ЕТҰ осы Саясаттың ережелерін бұзбай, бірақ өз қызметінің, реттеуші ортаның ерекшеліктерін, сондай-ақ мынадай ішкі факторларды ескере отырып, ішкі бақылау саласындағы өзіндік саясатты әзірлейді:

- 1) даму мөлшері және кезеңі;
- 2) басқарудың операциялық моделінің сипаттамасы;
- 3) технологиялардан тәуелділігі;
- 4) персоналдың құзыреттілігі және саны;
- 5) бизнес-процесті болуы мүмкін бұзу, не дұрыс орындамау тұрғысынан алғанда процестік деңгейдегі тәуекелдердің болуы.

## **3. ІБЖ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ**

3.1 ІБЖ негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- 1) ҚМГ Даму стратегиясына сәйкес операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- 2) активтер мен ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету, ресурстарды тиімді пайдалану және бөлу;
- 3) қаржылық және басқарушылық есептілік толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ оны дайындау жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік техникалық құжаттарының, ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- 5) процестік деңгей тәуекелдерінің пайда болу ықтималдығын және тиімді бақылау рәсімдерін енгізу есебінен болуы мүмкін шығындарды азайту, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін сенімді ақпараттық негіздерді құру;
- 6) ҚМГ бизнес-процестерінің тиімді жұмыс істеуін бақылау және қызмет нәтижелерін талдау;

- 7) ҚМГ оңтайлы ұйымдық құрылымын құруға жәрдемдесу;
- 8) ІБЖ жақсарту және одан әрі жетілдіру үшін салаларды анықтау.

#### **4. ІБЖ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**

4.1 Осы Саясаттың негізінде ІБҚ құрудың мынадай қағидаттары жатыр:

1) үздіксіз жұмыс істеуі – ҚМГ қызметіне теріс ықпалын тигізетін кез келген ауытқуларды уақтылы анықтауға және олардың болашақта пайда болуын ескертуге ҚМГ мүмкіндік беретін ІБЖ тұрақты және тиісінше жұмыс істеуі;

2) ІБҚ субъектілерінің есептілігі - ІБЖ әр тартылған субъектісімен тапсырмалар мен міндеттерді орындау сапасы мен уақтылылығы ІБЖ басқа (жоғары тұрған) субъектісімен бақыланады;

3) міндеттерді бөлу – ҚМГ бақылау функцияларын қайталауға жол бермеуге ұмтылады және осы функциялар осылайша, сол бір тұлғаның белгілі бір активтермен, операцияларды есепке алумен, активтердің сақталуын қамтамасыз етумен және оларды түгендеуді жүргізумен байланысты функцияларды біріктірмейтіндей, ҚМГ лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен бөлінуге тиіс;

4) операцияларды тиісінше мақұлдауы және бекітуі (келісуі) - ҚМГ тиісті ішкі құжаттарда оны көрсету жолымен олардың тиісті өкілеттіктері шегінде ҚМГ органдарымен және адамдарымен барлық қаржы-шаруашылық операцияларды бекіту (келісу) тәртібін орнатуға ұмтылады;

5) ҚМГ ішкі құжаттарында айқындалған, бекітілген және ІБЖ барлық субъектілерінің назарына жеткізілген бақылау функцияларын тиісінше орындағаны үшін ІБЖ барлық субъектілерінің жауапкершілігі;

6) ҚМГ барлық органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің нақты өзара іс-қимылы негізінде ішкі бақылауды жүзеге асыру;

7) тұрақты даму және жетілдіру - ІБЖ оның ҚМГ жұмыс істеуінің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгерістеріне және пайда болған жаңа міндеттерге бейімдеу мүмкіндігі болатындай осылайша салынуы тиіс;

8) кез келген елеулі кемшіліктер және бақылаудың нашар орындары туралы хабарламаларды беру уақтылылығы - ҚМГ-де кез келген елеулі ауытқуларды жою туралы шешім қабылдауға уәкілетті органдарға және/немесе адамдарға тиісті ақпаратты берудің ең жоғары қысқа мерзімдері белгіленуі тиіс;

9) әдіснамалық базаның бірлігі – ҚМГ компаниялары тобы үшін ішкі бақылау саласында саясаттар, регламенттер мен рәсімдерді қолдануға бірыңғай тәсілдеме.

#### **5. ІБҚ ҚҰРАМДАУЫШТАРЫ**

5.1 COSO моделіне сәйкес ҚМГ ІБЖ мынадай бес өзара байланысты құрамдауыштардан тұрады:

- 1) бақылау ортасы;

- 2) тәуекелдерді бағалау;
- 3) бақылау рәсімдері;
- 4) ақпарат және коммуникация;
- 5) мониторингтің рәсімдері.

5.2 Бақылау ортасы ІБЖ барлық құрамдауыштарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және өзінде мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) парасаттылық және этикалық құндылықтар қағидатына бейілділігін;
- 2) ҚМГ Басқармасынан және ішкі бақылаудың дамуына және жұмыс істеуіне қадағалауды жүзеге асырудан ҚМГ Директорлар кеңесінің тәуелсіздігін;

- 3) қорғаудың үш желісін көздейтін ұйымдық құрылымды айқындау:

- қорғаудың бастапқы желісі (бизнес-функциялар): тәуекелдерді бағалауға және басқаруға, сондай-ақ тиімді ІБЖ қамтамасыз етуге жауапкершілікті көтеретін құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері;

- қорғаудың екінші желісі (мониторинг функциялары): тәуекелдерді басқарудың тиімді саясатының енгізілуін қамтамасыз етуге және қадағалауға, ішкі бақылауға, заңнаманы, ішкі құжаттарды сақтауға және ҚМГ қызметкерлері тарапынан жосықсыз іс-әрекеттер фактілерін тергеуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері;

- қорғаудың үшінші желісі (тәуелсіз функция): ҚМГ Директорлар кеңесі мен ҚМГ Басқармасына қорғаудың бірінші және екінші желісінің жұмысы және басқару жүйелерінің тиімділігі туралы растауды ұсынатын ішкі аудит қызметі).

ҚМГ Ішкі аудит қызметі ҚМГ бизнес-процестерінің тиімді жұмыс істеуіне, қорғаудың үш желісі арасындағы тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқаруға кепілдік беру бойынша жауапкершілік пен міндеттерді айқындайтын Кепілдіктер картасын әзірлейді және бекітеді.

- 4) ҚМГ қойылған мақсаттарына сәйкес құзыретті қызметкерлерді тартуға, дамытуға және ұстауға ұмтылу;

- 5) ҚМГ мақсаттарына қол жеткізу барысында олармен ішкі бақылау саласындағы өздерінің міндеттерін орындағаны үшін ІБЖ субъектілерінің жауапкершілігін бөлу.

5.3 Тәуекелдерді бағалау ІБЖ бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және ҚМГ операциялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсерін тигізетін тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және талдауды қамтамасыз етуге арналған және өзінде мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) тәуекелдерді анықтау және бағалау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін нақты мақсаттарды айқындауды;

- 2) ҚМГ мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді анықтау мен талдауды;

- 3) тәуекелдерді бағалау кезінде ҚМГ субъектілері тарапынан жосықсыз іс-әрекеттер үшін мүмкіндіктерді есепке алу;

- 4) ІБЖ елеулі әсер ететін (сыртқы ортада, бизнес-модельде,

басшылықта) өзгерістерді айқындауды және бағалауды.

5.4 Бақылау рәсімдері ҚМГ мақсаттары, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ететін және өзінде мынадай элементтерді қамтитын саясат пен рәсімдерді білдіреді:

1) қолайлы деңгейге дейін тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірледі;

2) мақсаттарға қол жеткізу үшін ақпараттық технологиялардың үстінен жалпы бақылауды әзірледі;

3) күтілетін нәтижелер мен орындалатын рәсімдерді алу үшін саясаттар арқылы бақылау рәсімдерін іске асыруды.

5.5 ҚМГ ақпараты мен коммуникациялар жүйесі қабылданатын шешімдерге әсер етуге қабілетті оқиғалар мен жағдайлар туралы толық және баламалы ақпаратты қамтамасыз етеді және мынадай элементтерді өзінде қамтиды:

1) ішкі бақылаудың жұмыс істеуін қолдау үшін сапалы ақпаратты алуды, қалыптастыруды және пайдалануды;

2) оның жұмыс істеуі үшін қажетті ішкі бақылау саласындағы мақсаттар мен міндеттер туралы ақпаратты қоса алғанда, ішкі ақпаратпен алмасуды;

3) ішкі бақылаудың жұмыс істеуіне әсерін тигізетін мәселелер бойынша сыртқы тараптармен ақпаратпен алмасуды.

ҚМГ тігінен де, көлденең байланыс жағынан да ІБЖ барлық субъектілерінде ҚМГ-де қабылданған ішкі бақылау және олардың орындалуын қамтамасыз ету саясаттары мен рәсімдерін түсінуді қалыптастыру мақсатында ақпаратпен алмасу және тіркеудің тиімді арналарының жұмыс істеуі бойынша шараларды қабылдайды. ҚМГ санкцияланбаған қолжетімділіктен және ақпаратты пайдаланудан оның қосымшалары мен жүйелерін қорғау үшін бақылаудың жеткілікті құралдарын орнату бойынша шараларды қабылдайды. Бақылаудың осы құралдарының тиімділігі үнемі тәуелсіз тексеруге ұшырайды (мысалы, ақпараттық қауіпсіздікті және енуге арналған тестіні талдау жолымен).

5.6 ІБЖ мониторингі рәсімдері тұрақты мониторингілеу нысанында да, сондай-ақ біржолғы бағалау нысанында да, не сол және басқа комбинацияда да жүзеге асырылуы мүмкін және өзінде мынадай элементтерді қамтиды:

1) ішкі бақылаудың барлық құрамдауыштары бар екендігіне және тиімді жұмыс істейтініне ақылға қонымды сенімділікті алу үшін ІБЖ компоненттерін үздіксіз және/немесе мерзімді бағалауды жүзеге асыруды;

2) түзеуші шараларын қабылдағаны үшін жауапты болатын ІБЖ субъектілері, Басқарма және Директорлар кеңесінің назарына дейін ІБЖ кемшіліктері туралы уақтылы бағалауды және жеткізуді.

## **6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1 Осы Саясатты іске асыру тетігі (ІБҚ ұйымдық құрылымы, ІБҚ субъектілері арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, сондай-ақ ішкі бақылау рәсімдері) ІБҚ саласында ҚМГ ішкі құжаттарында айқындалған.

6.2 Осы Саясат, сондай-ақ оған барлық толықтырулар мен өзгерістер ҚМГ Директорлар кеңесімен бекітіледі.

6.3 Осы Саясатта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ҚМГ Жарғысымен және өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.